

ҚАЗІРГІ ЗАМАН МӘДЕНИЙЕТІ



ЖАҢА ЗАМАН ЕУРОПАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ - [ЕУРОПА](#) ҮШІН ЖАҢА ЗАМАН
(XVII—XIX ҒАСЫРЛАР) МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫНДАҒЫҒЫ ДӘУІРДІҢ ӘР ҒАСЫРЫ
ТАРИХИ УАҚИҒАЛАРҒА, МӘДЕНИ ТӨҢКЕРІСТЕРГЕ ТОЛЫ. XVII ҒАСЫР ҒЫЛЫМИ
РЕВОЛЮЦИЯ — АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ ӨЗІН ҚОРШАҒАН ДҮНИЕНІ ТАНЫП-БІЛУГЕ
ДЕГЕН ҚҰЛШЫНЫСЫНЫҢ ЖЕМІСІ БОЛДЫ. ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАММЕН
АЛҒА БАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНА БІРТІНДЕП
КІРЕ БАСТАУЫ РАЦИОНАЛИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ПРОЦЕСІН АЯҚТАУҒА МҮМКІНДІК
БЕРДІ. РАЦИОНАЛИЗМ ЖАҢА ЗАМАН АДАМЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН БЕТ-БЕЙНЕСІН ЖАН-
ЖАҚТЫ АЙҚЫНДАЙ ОТЫРЫП, ХАЛЫҚ САНАСЫНАН ЕРКІН ОРЫН
АЛДЫ. [РАЦИОНАЛИЗМ](#) ҚОҒАМДАҒЫ ОРЫН АЛҒАН ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРЕ
ОТЫРЫП, ХРИСТИАН ДІНІНІҢ КАТОЛИКТІК ТАРМАҒЫМЕН, ОНЫҢ ДҮНИЕНІ
ҚҰДАЙДЫҢ ЖАРАТҚАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ІЛІМІМЕН ДЕ САНАСЫП ОТЫРДЫ.





ЕУРОПАДАҒЫ РЕФОРМАЦИЯ

ОЛАЙ БОЛСА, ЖАҢА ЕУРОПАЛЫҚ САНА МЕН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ТАЗА АТЕИСТІК СИПАТТА БОЛМАҒАНДЫҒЫН АҢҒАРАМЫЗ. ХРИСТИАН ДІНІ МЕН ШІРКЕУЛЕР РЕФОРМАЦИЯҒА (XVI ҒАСЫР) ДЕЙІН ДЕ, РЕФОРМАЦИЯДАН KEЙІН ДЕ ӨЗ БЕДЕЛІН ЖОЙҒАН ЖОҚ, ҚАЙТА ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИ ӨМІРДЕГІ РӨЛІ БҰРЫНҒЫДАН АРТПАСА, МҮЛДЕ КЕМІГЕН ЖОҚ, ҚАЙТА ХРИСТИАН ДІНІ ӨЗ ӨРІСІН БҰРЫНҒЫДАН ДА КЕҢЕЙТІП АЗАМАТТЫҚ, МЕМЛЕКЕТТІК ӨМІР САЛАЛАРЫНА КЕҢІНЕН АРАЛАСТЫ.



Томас Гоббс



Джон Локк

ЖАҢА ЗАМАНДА ЕУРОПАЛЫҚТАРДЫҢ КҮШ-ЖІГЕРІ ТАБИҒАТТЫ МЕНГЕРУГЕ ЖҰМСАЛДЫ, СОНДЫҚТАН ДА БОЛАР XVII ҒАСЫРДА ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БАСТЫ НАЗАРЫ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫН ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУГЕ БАҒЫТТАЛДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР XVI—XVII ҒАСЫРЛАР ҚАЛЫПТАСҚАН ҰЛТТЫҚ, МЕМЛЕКЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕОРИЯЛАР ӨМІРГЕ КЕЛДІ. ОЛАРДЫҢ АВТОРЛАРЫ ҒАСЫР ОЙШЫЛДАРЫ: [ГОББС](#), [ДЖОН ЛОКК](#), [СПИНОЗА](#), [ГУГО](#), [ГРОЦИЙ](#) ЖӘНЕ Т.Б. БОЛДЫ.



Бенедикт Спиноза



Гроций Гуго

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ — XVII ҒАСЫРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЗАҢДЫ ЖАЛҒАСЫ БОЛУМЕН ҚАТАР, ӨЗІНІҢ ТҮРІ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ МӘНІ ЖАҒЫНАН ЕРЕКШЕ МӘДЕНИЕТ. XVII ҒАСЫР РАЦИОНАЛИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ БОЛСА, АЛ XVIII ҒАСЫР АҒАРТУШЫЛЫҚ ҒАСЫРЫНА АЙНАЛДЫ.



XVIII ғасырдағы Франция мемлекеті Еуропаның рухани өмірінің негізгі ошағына айналды. Француз халқының философиясында, әдебиетінде, өнерінде және т.б. жаңа леп, соны бағыттар аңғарыла бастады. Осы уақытқа дейін ездерін Францияның қарсыласымыз деп есептеп келген [Испания](#), Германия, [Польша](#), Ресей, кіші Англия сияқты өркениетті елдер француз мәдениетін мойындауға мәжбүр болды.

ЖАҢА ЗАМАН СТИЛЬДЕРІ

XVIII ғасырда бароккомен қатар Батыс Еуропа өнерінде кеңінен тараған стильдердің бірі — рококо болды. Ол сарай зиялылары мәдениетімен тікелей байланыста қалыптасты. Рококо эстетикасының басты ұраны — «Өнер — рахаттану құралы». Бұл ұран сол бір кезеңдегі «ертеңгісін ойламайтын аристократтардың (ақсүйектердің) дүниеге көзқарастарын дәлме-дәл көрсетеді. «Бізден соң не болса да мейлі» деген Людовик XV нін ұраны да осы дәуірде шыққан.





рационализм



антропоцентризм



сциентизм



евроцентризм

ЖАҢА ЗАМАН МӘДЕНИЕТІНДЕ ХІХ ҒАСЫР МӘДЕНИЕТІ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. «КЛАССИКА ҒАСЫРЫ» ДЕП АТАЛАТЫН БҰЛ КЕЗЕҢДЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ КЕМЕЛДЕНУ ШАҒЫНА АЯҚ БАСУМЕН ҚАТАР, ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІН ДЕ БАСЫНАН КЕШІРДІ. МҰНДАЙ ӘДІЛ БАҒАНЫҢ АВТОРЛАРЫ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРЫ: О. ШПЕНГЛЕР, Й. ХЕЙЗИНГА, Х. ОРТЕГА-И-ГАССЕТ ЖӘНЕ Т.Б. ХІХ ҒАСЫР, МӘДЕНИЕТІ — БҮКІЛ ЖАҢА ЗАМАН МӘДЕНИЕТІНЕН РУХАНИ НӨР АЛЫП, КӨНЕ ДӘУІР МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫ.



Декаданс



Мистицизм




СИМВОЛИЗМ



Романтизм



Натурализм



импрессионизм

XX ҒАСЫР МӘДЕНИЕТІ

Адамзат тарихында XX ғасыр мәдениетінің алатын орны ерекше. Өйткені, бұл кезең тарихи оқиғаларға, қантөгіс соғыстарға, санқилы дағдарыстарға толы сындарлы заман болды. Ғасыр аяғында планетамызда парасаттылық пен ізгіліктің кеңінен өріс алуы жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына және оның ұлттық түрлерінің нәрленуіне, олардың өзара қарым-қатынастарының жаңа арнаға түсуіне ерекше әсер етті.



